

**ДЕКАНДАР, КАФЕДРА МЕНҒЕРУШІЛЕРІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ФАКУЛЬТЕТ  
КООРДИНАТОРЛАРЫ, СТУДЕНТТЕР ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАР  
НАЗАРЫНА!**

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Халықаралық ынтымақтастықты және көптілді оқытуды дамыту орталығы (әрі қарай - ХЫЖКОДО) 2017-2018 оқу жылының бірінші семестрінде сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуға үміткерлерді іріктеуді жариялайды.

Үміткерлердің шетел тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатымен 2016 жылдың **8-10 ақпан** аралығында, **14.00-ден 18.00-ге дейін** тестілеу өткізіледі. Тестілеу компьютерлік форматта, бас ғамираттың келесі компьютерлік аудиторияларында **1103, 1103а** өтеді (*тестілеуге міндетті түрде жеке куәлікпен келу керек*).

Кандидаттарға қойылатын талаптар:

- мемлекеттік білім гранты негізінде оқу,
- 2016-2017 оқу жылының I семестр бойынша **GPA 3,33** кем емес
- **1-3 курс студенттері және 1 курс магистранттары.**

Келесі халықаралық үлгідегі сертификаттары бар үміткерлер тестілеуден босатылады және келесі кезеңге өтеді (*сертификаттар көшірмелерін ХЫЖКОДО-ға түпнұсқалығын тексеру және тіркеу үшін әкелу*):

- IELTS – 6.0 кем емес;
- TOEFL – 550 кем емес;
- DELF – B2 кем емес;
- TFC – B1, B2 кем емес;
- DAF – B2, C1.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша іріктеуге қатысу үшін 2017 жылдың **6 ақпан күні 17.00 сағатқа** дейін ХЫЖКОДО (каб. № 1310 Бас корпус) тіркелу қажет. Тел.: 31-77-19, e-mail: [icmedc.katu@gmail.com](mailto:icmedc.katu@gmail.com).

Тестілеуден сәтті өткен және жоғарыда көрсетілген халықаралық үлгідегі сертификаттары бар үміткерлер келесі кезеңге, университет Комиссия мүшелерімен сұхбаттасуға жіберіледі. Тестілеу нәтижелері университет сайтының келесі сілтемесінде [www.kazatu.kz](http://www.kazatu.kz) жарияланады, сонымен қатар нәтижелерді **2017 жылдың 15 ақпаннан** бастап деканаттардан білуге болады.

Комиссия отырысының өту күні мен уақыты қосымша хабарланады. Сыртқы академиялық ұтқырлық туралы ереже [http://kazatu.kz/docs/mobil\\_2014.pdf](http://kazatu.kz/docs/mobil_2014.pdf) сайтында орналасады.

Қосымша сұрақтар бойынша ХЫЖКОДО (каб.1310 Бас корпусы) бара аласыз. Тел.: 31-77-19, e-mail: [icmedc.katu@gmail.com](mailto:icmedc.katu@gmail.com), ХЫЖКОДО маманы Айнура Максютова.